

ЖШС «Нұр-Тілек» бобекжай-балабақшасы

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шара

Тақырыбы: «Елімнің еркіндігі Тәуелсіздік»

(ересек, ортағы тобы)

Откізген: Топ тәобиешілері

2023-2024 оку жылы

*Жекеңиңде
зәңгі*

Кәне, кәне түрайық, Сол қолымды көтердім,
Киіз үй біз құрайық. Үыкты мен көтердім.
Он қолымды көтердім, Киіз үйді түргыздық,
Үыкты мен көтердім Жұмысты біз тындырық..
Балалар Қазақстан туралы өлеңдер оқып, жақсы мақал-мәтеддер айтуда, елімізді, жерімізді
мадақтау бүгін біздің еншімізде. Ендеше өнерімізді ортага салайық.
Ерқанат: Арыстандай айбаттым.
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаган байрақтың
Канша жұлдыз жайнаттың.
Канша бұлбұл сайраттың,
Қазақстан ардақтым.
Асылжан: Күнді құшқан кос қыран,
Аясында қалқыган.
Аспан түсті туым бар,
Көк теңіздей шалқыған.
Фалиасқар: Көк туым көтерілді бағым жанып,
Елтаңбам әлемге танылды анық.
Шырқадым ән ұранды бар дауыспен,
Арманым ата заңым қабылданып.
Арсен: Өзіндік туында,
От пен ауа, суың да.
Жаса Қазакстаным,
Белді бекем буында.
Абдурахман: Отан от басынан басталады.
Отан оттеган да ыстық.
Хор: Менің Отаным
Ердаulet: Жаса жаңа Астанам
Әркен жая бастаған
Болашақтың есейін
өз қолыңмен аш маган.
Дилназ: Бұлт баспасын күнімді
Тартылмасын өрісің
Биік ұстай туымды
Қасиетті борышым.
Мейрамбек: Заман жаңа заң жаңа,
Күлімдейді кең дала.
Өз Астанам өз ордам,
Сүйенерім сен ғана.
Аюжуніс: Сәуле шашқан алтын түсті күні бар,
Екпіндеген қыран құсты үні бар.
Ою басқан мәп-мәлдір көк аспандай,
Қазағымның желбіреген туы бар.
Хор: Қазақстан жалауы.
Ұлыстан: Қазақпын, мен қазақтың бөлшегімін,
Қажетіне өзгенің өлшемінін.
Айбарлы елдің ұлымын, айтаңбалы.
Кейіпкері емеспін ертегінің.

Самалбек: Отан деген атамекен
Отан деген тұған жер.
Отан ана, Отан үлкен

Қазақстан туган ел.

Ән: Ана-тілім. Ерканат.

Дәурен: Өзге елде сұлтан болғанша,

Өз елінде ұлтан бол.

Сұлтанбек: Туган жердей жер болмас

Туган елдей ел болмас.

Тәрбиеші: Қазақ халқының мұраларының бірі – халық ауыз әдебиеті .

Ал халық ауыз әдебиетіндегі жол- ол даналар мәйегі. Олай болса балалар қазақтың қандай билерін білесіндер?

«Сөз бастаған шешендер» атты көрніс тамашалайык..

Төле би: Бір бала әкесінен отіп туады,

Бір бала әкесіне жетіп туады,

Бір бала кері кетіп туады.

Қазбек би: Біз мал баққан елміз, ешкімге соктықпай жай жатқан елміз, басымыздан сөз асырмagan елміз.

Әйтеке би: Бай болсан халқыңа пайдан тисін,

Батыр болсан, жауыңа наизаң тисін.

Тәрбиеші: Даналық сөздеріңгэ ракмет.

Назерке: Мен кішкентай бишімін

Таңғы мөлдір тамшымын

Гүл еркінен жарапған

Әндерім бар бал шырын.

Би: Қазақ би!

Хор: Елтаңбасы елімнін.

Балалар енді «Ғажайып қоржын» ойынын ойнайык.

Қоржын ішіне жасырылған сұрақтарға жауап беру.

Балаларды мадақтау.

-Балалар! Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы екен. Отансыз адам болмайды.

Отанымыз көркейіп, гүлдену үшін біз көп еңбектенуіміз керек. Еңбектену дегеніміз білімді, тәртіпті болуымыз.

Енді балалар тәрбиеленіп жатқан бала бақшамыз туралы

Такпақ айтып жіберейік.

Бала бақша есігін,

Үшке тола ашқанбыз.

Балапандай өсіріп

Мәпелейді бақшамыз.

Балалар бүгінгі ашық тәрбие сағаты ұнады ма?

Қорытынды: Байтак дала жерім менің

Арта берсін даңқың сенің

Кек байрагың желбіресін

Егеменді елім менің – дей отырып,

Құрметті қонақтар, балалар осымен Республика күніне арналған

«Туган елім» атты ашық тәрбие сағатымыз аяқталды.

Кейінірек оқу үшін сақтап қойыңыз:

